

5 – ші сынып математика. Ағысқа байланысты тапсырмалар.

№1. Өзен ағысының жылдамдығы 3 км/сағ. Осы өзенде жүзген байдарка қайығының ағыспен жүзгендегі жылдамдығы ағысқа қарсы жүзгендегі жылдамдығынан қанша артық?

№2. Бала ойыншық моторлы қайық жасап, оны өзенге жіберді. Өзендегі судың ағыс жылдамдығы 30 м/мин. Ойыншық моторлы қайық қандай жағдайда жүзеді, қандай жағдайда жүзбейді?

Ойыншық моторлы қайық:

- a) 28 м/мин меншікті жылдамдықпен ағыспен жіберілсе;
- b) 40 м/мин меншікті жылдамдықпен ағысқа қарсы жіберілсе;
- c) 30 м/мин меншікті жылдамдықпен ағысқа қарсы жіберілсе;

№3. Катер ағыс жылдамдығы 2 км/сағ өзенде жүзіп, 120 км қашықтықтағы айлаққа барып қайтты. Катердің меншікті жылдамдығы 22 км/сағ.

- Егер катер айлаққа барарда ағыспен жүзсе, ол айлаққа қанша уақытта барды?
- Катер қанша уақытта айлақтан қайтты?
- Катер қанша уақытта айлаққа барып қайтты?

№4. Гауһар мен әкесі өзенде ескекті қайықпен ағысқа қарсы жүзіп келеді. Кенеттен Гауһар суға қуыршағын түсіріп алды. Өзен суының ағыс жылдамдығы 30 м/мин. Қайықтық меншікті жылдамдығы 90 м/мин. 4 минуттан соң қуыршақ қайықтан қандай қашықтықта болады?

Есеп шартында қандай шаманың мәні артық берілген?

№5. Катер қай жағдайда ағыспен жүзді, қай жағдайда ағысқа қарсы жүзді:

- 1) Катер А айлағынан В айлағына барарда 5 сағ жүзді;
- 2) Катер В айлағынан А айлағына қайтарда 4 сағ жүзді?

№6.

- 1) Қайық көлде (ағынсыз суда) 7 км/сағ жылдамдықпен 2 сағ жүзді. Қайық көлде неше километр қашықтыққа жүзді?
- 2) Ағыс жылдамдығы 2 км/сағ өзенде сал 8 сағ жүзді. Сал неше километр қашықтыққа жүзіп барды?

№7. Меншікті жылдамдығы 32 км/сағ теплоходтың ағыс жылдамдығы 3 км/сағ өзенде:

- 1) ағыспен жүзгендегі жылдамдығын табыңыз;
- 2) ағысқа қарсы жүзгендегі жылдамдығын табыңыз.

№8. Қайық көлде жүзіп, 3 сағатта қандай қашықтыққа барса, өзенде ағыспен жүзіп, 2 сағатта сондай қашықтыққа барады. Сал осы өзенде 1 сағатта осы қашықтықтың қандай бөлігіне жүзіп барады?

№9. Ескекті қайық өзінен 9 км қашықтықта жүзіп бара жатқан салды қуып келеді. Ескекті қайықтың меншікті жылдамдығы $10\frac{1}{2}$ км/сағ. $\frac{2}{3}$ сағат уақыт өткенде ескекті қайық салдан неше километр қашықтықта болады?

maxmath.kz